# АЙМАҚ АҚШАМЫ

№8 (077) ЖҰМА 23 ақпан 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ


## АУҒАННЫҢ ОТ-ЖАЛЫНЫ ШАРПЫҒАН

**Он жыл бойы Кеңес әскері Ауған жеріндегі ұрыс қимылдарына қатысты. Аталары, әкелері қатысқан Ұлы Отан соғысын «Қасиетті соғыс» деп өскен ұрпақ түсініксіз соғысқа тап болды. Бәрі де құрып кеткір геосаясаттың кесірінен болғаны кейінгі жылдары ғана ашық айтыла бастады. Бірақ, сол жылдары әскери борышына адалдық танытып, өздеріне жүктелген міндетті мүлтіксіз орындай білген жастардың не кінәсі бар? Олардың қаншамасы сол жақтан елге табыт болып оралды... Қаншасы елге жарымжан күйде жетті... Із -түссіз жоғалып кеткендер қаншама?!**




Осыдан 35 жыл бұрын Кеңес әскері ауған жерінен толықтай шығарылды. Сөйтіп, әр жылдың 15 ақпаны - мерекеге айналды.

Сәтбаев қаласы әкімдігі Кеңес әскерлерінің ауған жерінен шығарылуына 35 жыл толуын зор салтанатпен атап өтті. Қаладағы мейрамханалардың біріндеарнайы дастархан жайылып, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Әртүрлі мақтау, марапаттамалар жасалды.

Сәтбаев қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Құрақбай бір топ ауғандық жауынгерлерге Сәтбаев қаласының Құрмет грамотасын, Сәтбаев қаласының қорғаныс бөлімінің басшысы, майор Т. Аманкелді Сәтбаев қаласы қорғаныс бөлімінің Алғыс хатын табыстады.

Кешегі жауынгерлер - бүгінде еңбек адамдары. Олар әр салада еңбек етуде. Еңбекте үздік шыққан бірнеше ауғандық жауынгерлерге «Кәсіп-Қорған» тау-кен металлургия кәсіпорындары мен аралас өндірістер қызметкерлерінің салалық кәсіподағының «Еңбек озаты» төсбелгісі тапсырылуы осы сөзіміздің дәлелі.

Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл толуына орай шығарылған арнайы медальді біздің қаламыздағы 56 ауғандыққа Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаты Ш.Жанғаскинова табыс етті.

Ешқашан соғыс болмасын, әлемде мәңгілік бейбітшілік орнасын! Ауғанның от-жалыны шарпыған жылдардың жаңғырығынан осындай ұран естіліп тұрғандай болды.

***А.НҰРТАУҰЛЫ***

### ҚҰРМЕТТІ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Құрметті қала тұрғындары! Сіздерді 2024 жылғы 20 қаңтардан бастап 01 наурыз аралығында 2025 жылы іске асыру үшін «Халық қатысатын бюджет» жобасы жүзеге асырылатынын ескертеміз. 1 наурызға дейінгі уақыт тығыздығын ескере отырып, белсенділік танытып, ұсыныс, жобаларыңызды жіберулеріңізді сұраймыз.

Жоба аясында азаматтар жергілікті бюджет қаражатын бөлуге қатыса алады.

Өз ұсыныстарын Жезқазған қаласының кәмелетке толған барлық тұрғындары жібере алады. Ұсыныстарды Жезқазған қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында «Халық қатысатын бюджет» (https://www.gov.kz/.../entities/ulytau-zhezkazgan/bnu/855...) бөліміне жіберу керек.

Жобалық ұсынысқа шығыстардың болжамды сметалық есебі, сондай-ақ жобаның фото/нобайы/макеті/схемасы (оларды интернет-ресурстан пайдалануға болады) қоса берілуі мүмкін.

Бір жобалық ұсынысты іске асырудың шекті құны 55 млн.380 мың теңгені (15000 АЕК аспауы тиіс) құрайды.

Барлық сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласыңыздар: 87765132806, 87058748024.

***Жезқазған қаласы әкімінің баспасөз қызметі***

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА ЖЕЗКАЗГАН!

Напоминаем Вам о том, что с 20 января по 1 марта 2024 года будет осуществляться прием предложений в рамках проекта «Бюджет народного участия» для реализации в 2025 году. Учитывая сжатые сроки до 1 марта, просим Вас проявить активность и отправить свои предложения

В рамках данного проекта граждане могут принимать участие в распределении средств местного бюджета.

Свои предложения могут отправлять все жители города Жезказган достигшие совершеннолетия. Предложения нужно отправлять на официальном Интернет-ресурсе акимата города Жезказган в разделе «Бюджет народного участия» (https://www.gov.kz/.../entities/ulytau-zhezkazgan/bnu/855...).

К проектному предложению могут быть приложены ориентировочный сметный расчет расходов, а также фото/эскиз/макет/схема проекта (возможно их использование из Интернет-ресурса).

Предельная стоимость одного проекта составляет не более 55 млн.380 тыс. тенге (не более 15000 МРП).

***Пресс-служба акима г.Жезказган***

# ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫНДА ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН ( ЖАЛҒА) УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ БОЙЫНША КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2024 жылдың 27 наурызында Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, ак.Қ.Сәтбаев даңғылы 108, мекенжайы бойынша орналасқан, «Сәтбаев қаласының әкім аппараты» ММ әкімшілік ғимаратының үлкен залында сағат 15-00-де, шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өтеді.

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімді тіркеу және қабылдау Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, ак.Қ.Сәтбаев даңғылы 108, (1-ші этаж, 1 кабинет) мекенжайы бойынша орналасқан «Сәтбаев қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-не 2024 жылдың 11 наурызынан 2024 жылдың 26 наурыз сағат 12:00-ге дейін жүзеге асырылатын болады.

Конкурсқа қатысуға өтінім, өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша, қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Келесі жер учаскелері конкурсқа шығарылады, төменде көрсетілген кестеге сәйкес:

Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және « жылғы ___________»______ « дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпаратты Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, ак.Қ.Сәтбаев даңғылы 108, мекенжайы бойынша орналасқан, «Сәтбаев қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі»ММ білуге болады. Телефондар: 8 (71063) 38469, электрондық мекенжайы: zher_saulet.satbaev@mail.ru

| №№ п/п | Жер учаскесінің орналасқан жері (селолық округтен шалғай, орташа қашықтық, км | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Жер көлемі (га) | Сату объектісі (заңтүрі) | Жалдау мерзімі, жыл | Облыстыңауылшаруашылығыныңмамандануы | Жер құрамы, га, Олардың ішінен: | | | | Топырақтың сапалық сипаттамасы, (бонитет баллы) | Сумен қамтамасыз ету мән | Шектеу |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | егістік жер | жайылымдар | шабындықтар | Басқа жерлер | | | |
| 1 лот | Сәтбаев қаласының жерінде , 25-112- | шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін (егістікжер) жүргізу үшін | 2000,0 | уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқықтары | 10 | Өсімдік шаруашылығы | 2000,0 | 0 | | 0,0 | 6 | жоқ | Ешқандай ауыртпалық немесе басып алу жоқ |
| 2 лот | Сәтбаев қаласының жерінде , 25-112- | шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін (егістікжер) жүргізу үшін | 2010,0 | уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқықтары | 10 | Өсімдік шаруашылығы | 2010,0 | 0 | | 0,0 | 6 | жоқ | |

# ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА В ГОРОДЕ САТПАЕВ ОБЛАСТЬ ҰЛЫТАУ

27 марта 2024 года в 15-00 часов в большом зале здания ГУ «Аппарата акима г.Сатпаев», расположенного по адресу: область Ұлытау, г. Сатпаев, пр.ак.К.Сатпаева 108, состоится конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Участник , являющийся физическим и юридическим лицом , для участия в конкурсе представляет следующие документы:

1. Заявка на участие в конкурсе;

2. Конкурсноепредложение;

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе будут осуществляться с 11марта 2024 года до 12:00 часов 26 марта2024 года в ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Сатпаев», расположенного по адресу: область Ұлытау, г. Сатпаев, пр.ак.К.Сатпаева 108, (1-й этаж, 1 кабинет )

Заявка на участие в конкурсе подается на бумажном носителе нарочно либо по почте или посредством веб-портала «электронного правительства» до окончания срока представления заявок.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его местонахождение, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

На конкурс выставляются следующие земельные участки, указанные в нижеприведенной таблице:

Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до: «___» ________ года» (указывается точная дата).

Дополнительную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Сатпаев»по адресу: областьҰлытау, город Сатпаев, пр.ак.Сатпаева 108 Контактные телефоны: 8(71063) 38469, электронный адрес: zher_saulet.satbaev@mail.ru

| № № п/п | Местоположение земельного участка (отдаленность от сельского округа, среднее расстояние, км | Целевое назначение земельного участка | Площадь земельного участка (гектар) | Объект продажи (вид права) | Срок аренды, лет | Сельско-хозяйственная специализация региона | Состав угодий, га, из них: | | | | Качественная характеристика почв, (балл бонитет) | Водообеспеченность | Ограничение |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | Пашня | Пастбища | Сенокосы | Другие земли | | | |
| 1 лот | На землях города Сатпаев, 25-112- | для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства (пашня) | 2000,0 | права временного возмездного землепользования (аренды) | 10 | Растениеводство | 22000,0 | | | 0,0 | 6 | нет | Обременение или арест отсутствуют |
| 2 лот | На землях города Сатпаев, 25-112- | для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства (пашня) | 2010,0 | права временного возмездного землепользования (аренды) | 10 | Растениеводство | 2010, | | | 0,0 | 6 | нет | |

ИСЛАМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР

# «ЖАҚСЫ ЗАҢЫҢ БОЛҒАНША, ЖАҚСЫ ДӘСТҮРІҢ БОЛСЫН»

## СӘТБАЕВ ҚАЛАЛЫҚ Б.БАЛҚЫБАЙҰЛЫ АТЫНДАҒЫ МЕШІТТІҢ БАС ИМАМЫ БЕЙБІТ ЖАНСАРИНМЕН СҰХБАТ

***- Қоғамда дін саласы бойынша, оның ішінде мешіттер дәстүрден алшақтады деген пікірлер айтылуда. Жалпы бас мүфти Наурызбай қажы тарапынан дін мен дәстүр сабақтастығы туралы көп естіп жатамыз. "Балмағамбет Балқыбайұлы" мешіті тап осы бағытта не жоспарлап отыр?***

- Халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі Исламды дәріптеу мемлекеттік деңгейде көтеріліп келе жатқанын жақсы білесіздер. Осындай мәселелер мен бастамаларды ескере келе, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы діни қызмет аясында 2024 жылды «Ислам және дәстүр құндылығы» жылы деп жариялау туралы шешім қабылдады. Бұл бастама дәстүрлі дінімізді, ата-бабамыз сан ғасырдан бері ұстанып келген діни жолымызды, төл мәзһабымызды, ұлттық құндылықтарымыз бен қазақы болмысымызды дәріптеуге серпін береді. Ағымдағы жыл "дін мен дәстүр - егіз ұғым" деп қашанда дәріптеп жүрген мешіт қызметкерлері үшін маңызы зор. Жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталатыны сөзсіз.

***- Сіздің қаланың бас мешітіне бас имам болып тағайындалғаныңызға көп уақыт болған жоқ. Жамағат сізден тың бастамалар күтетіні анық. Сіздің белсенділігіңізді мешіттің, өзіңіздің әлеуметтік парақшадан байқауға да болады. Өзіңіз де жергілікті жердің тумасы болған соң, руханияттағы, дін саласындағы мәселелермен етене таныссыз. Өзіңіздің ауқымды деген жобаларыңызбен бөліссеңіз.***

- Алла қаласа, Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының бекітуімен негізгі деген бес бағыт бойынша жұмыстар атқарылатын болады. Баршаңыз білесіздер, біз әрқашан "дін мен дәстүр", "ізгі қоғам", "діни оқу-ағарту", "ихсан және насихат", "жат діни ағымдардан сақтандыру" бағыттарын негізге ала отырып, ауқымды жұмыстар атқарылуда. Қазірдің өзінде халықпен етене аралассу мақсатында белсенді жамағаттармен біріге отырып, "Рамазанға бүгіннен дайын бол!", "Ішімдіксіз Сәтбаев" деген секілді үндеу жобаларымызды жариялап жатқан жайымыз бар. Аязды күні жылу сыйлайтын "Тегін такси", "Көше тазалықшыларына ыстық тамақ" секілді қайырымдылық іс-шаралар атқарылғанын көптің көзі көрді. Халық та бұл үндеулерге қосылады деген үлкен сенімдеміз. Алдағы уақытта да қоғамда үлкен мәселе болған отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықты алдын алу мақсатында "Өнегелі отбасы" жобасы дайындалуда. Әрине, кішкентай қадаммен үлкен жетістікке жету үшін біріншi Алланың жәрдемі, екінші халықтың бекем бірлігі - ең қажетті дүние.



***- «Жақсы заңың болғанша, жақсы дәстүрің болсын» деген қанатты сөздің мәнін қалай түсінеміз?***

- Шариғатымыз халық ұстанған дұрыс әдет-ғұрыптарға ешқашан тыйым салмаған. Ғұрыппен өмір ету – дініміз рұқсат берген істің бірі. Бұған қатысты Алла Тағала қасиетті Құранның «Ағраф» сүресінің 199-аятында: «Ғафу жолын ұста, ғұрыппен әмір ет...» деген. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Исламға дейін әдет-ғұрыптан пайда болған, яғни өмірдің өзі туғызған шариғат негіздеріне қайшы келмейтін дәстүрге тыйым салмады. Өкінішке қарай, соңғы кездері нақты діни білім алмаған кейбір жас буын өкілдері дәстүрге қарсы шығып, халықтың ашуына тиюде. Мысалы, халқымыз қастер тұтқан, жаугершілік заманда батырларды Отанды қорғауға үндеген, жиын-тойларда жұртты ізгілікке шақырған төл аспабымыз – домбыра ешқашан жамандықтың құралы болмаған. Келіндеріміздің үлкендерге сәлем салып, ізет көрсетудің көркем үлгісін паш етуі – Аллаға серік қосу емес, үлкен құрметтің белгісі. Сан ғасырдан бері жалғасып келе жатқан тәрбиелік мәні зор ұлттық құндылықтарымызды жоққа шығару – үлкен қателік. Құран мен хадистің негізгі мұрат-мақсатын ұғынбаған кейбір жастар астарлы мағынадағы аяттарды тікелей түсініп, қателікке бой алдыруда.

***- Ұлттық құндылықтарымызды дұрыс түсіне алмай жүрген бауырларымызбен жұмыстар қалай жүргізіледі?***

- Әрине, мұндай сәттерде имамдарымыз қажетті түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Сол себепті насихат тек қана мешіт ішінде, әлеуметтік желілерде ғана болып жатқан жоқ. Мысалы, мешіт ішінен "Аталар мектебі", "Әжелер мектебі" жобалары дайындалып жатыр. Ондағы себеп - тентегін тезге салып отыратын ақсақалдардың, "қызға қырық үйден тыйым" салатын ақ жаулықты әжелеріміздің орны ерекше. Бабалар ұстанған сара жолды жалғастыру біздің басты міндетіміз болып қала береді. Ардақты Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мұсылмандар жақсы деп есептеген нәрсе Алланың алдында жақсы, мұсылмандар жаман деп көрген нәрсе Алланың алдында жаман», – деген екен. Ендеше, дін мен дәстүр үндестігін сақтау – сіз бен бізге жүктелген үлкен міндет. Бұл екі асыл қазынамызды қадір тұтсақ, тарихымыз бен мәдениетімізді ұлықтаған, ата-бабалар қалдырған ұлы аманатты сақтаған боламыз.

***- Мағыналы да мәнді әңгімеңізге рахмет!***

*Сұхбаттасқан:*
*Ләйлі*
**БЕКТІБАЙҚЫЗЫ**

### СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің , мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін. Email: Satp_maslihat@krg.gov.kz

### ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией. Email: Satp_maslihat@krg.gov.kz

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНА – 800 ЖЫЛ

# ҰЛЫҚ ҰЛЫС ҺӘМ ҰЛЫТАУ



**ТАРИХШЫ МҰХТАР БАҚЫТҰЛЫ ҰЛЫТАУДАҒЫ «ЖОШЫ ХАН» ТАРИХИ-МӘДЕНИ КЕШЕННІҢ ЖЕТЕКШІСІ БОЛЫП ҚЫЗМЕТ АТҚАРАДЫ. ТАРИХШЫ РЕТІНДЕ ОЛ НЕГІЗІНЕН ЖОШЫ ҰЛЫСЫ, АЛТЫН ОРДА, ҰЛЫТАУ ТАҚЫРЫПТАРЫН ҚАУЗАЙДЫ. КЕЙБІР ПІКІРЛЕРІ ҚАЛЫПТАСҚАН ТҰЖЫРЫМДАРҒА СӘЙКЕС КЕЛЕ ДЕ БЕРМЕЙДІ. БІЗДІҢ ОНЫ СҰХБАТҚА ШАҚЫРҒАНЫМЫЗ ДА СОНДЫҚТАН.**

***- «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатындағы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жошы Ұлысының 800 жылдығы туралы ойын тарихшы ретінде қалай қабылдадыңыз?***

- Өте орынды болды. Өйткені, тарихшылар арасында жүретін әртүрлі әңгімелердің нүктесі қойылды. 2019 жылдың 23-шілдесінде Екатеринбургтен «Средневековые дворцы и поселения Улытау» атты кітабым жарық көрді және электрондық кітап дүкендерінде сатылымға шықты. Осы еңбегімді Жошы Ұлысының 800-жылдығына арнап шығарған болатынмын. Сондықтан, Президенттің сөзіне әрине, өте қуаныштымын.

***- Жошы Ұлысы қалай құрылды? Бұған не себеп болды? Тарих не дейді?***

- 1216 жылы Ырғыз өзенінің жағасында меркіттердің тас талқанын шығарған соң, Жошы баһадүр Ұлытауға атбасын тірейді. 1219 жылы ұлы қаһан, яғни Шыңғысхан Жошы, Жағатай және Оқтайға 50 мың әскер беріп, оларға Отырардан бастап Сейхунның (Сыр) бойындағы қалаларды алуды бұйырады. Гүргеніште шабуылдау кезінде Жошы мен Жағатай арасында келіспеушілік туындайды. Неге? Өйткені, өзінің қысқы қонысы еткісі келген Жошы қаланы қоршап тұру арқылы бағындыруды көздейді. «Қан төгілмесін, қала бүлінбесін» деген оның ойымен келіспеген Жағатай шабуылдауды қалайды. Екеуінің арасындағы келіспеушілік Шыңғысханға да жетеді. Қаһан «Оқтай қалай айтса, солай шешілсін, қалай болғанда да қалаларды тезірек бағындырыңдар» дейді. Сөйтіп, Сейхунның төмен жағында орналасқан қалаларды алған соң, одан арғы жорықтарға қатысудан бас тартқан Жошы өзіне қарасты төрт мың қолды соңына ертіп Ұлытауға қарай бет түзейді. 1222 жыл бойы ол Ұлытаудан ешқайда шықпайды. Шыңғыс пен Жошының арасы суыған тұс - осы уақыт. Жошы да, оның айналасындағылар да қаһанның қаһарына іліккенін, қашан келіп өлтіретінін күтіп жүреді. Бұл кезде Шыңғыстың ордасы Самарқандта болатын. 1222 жылдың қысы бітер-бітпестен Шыңғыстан Ұлытауға «Даланың аңдарын қуып әкелсін, аңға шыққым келеді» деген хабар жетеді.

Әкесінен жеткен бұл хабар Жошының жанын жадыратып жібереді. Мұны ол әке тарапынан татуласуға жасалған қадам деп түсінеді.

Теріс-Кендірліктің сол жағалауындағы төрт жағы қыраттармен қоршалған көзге көріне бермейтін, қазіргі кезде Қызылжар деп аталатын жердегі бабасы Добын-мергеннің қасына орныққан орда-сарайында Жошы өзінің атақты Байқу, Кішіктай, Құнан Мөңке, Міңгуірт есімді төрт нояны мен уәзірлерін жинап, әкеден жеткен хабар жөнінде ақылдасады. Жиын даладағы құлан, бұлан, киік, жайрандарға қоса, қаһанға сыйлық ретінде 100 мың, оның 20 мыңы – көк, 20 мыңы – сұр, 20 мыңы - торы, 20 мыңы – күрең, 20 мыңы – шұбар жылқыны тарту жасау туралы тоқтамға келеді.

Шыңғыс қаһан қасына ұлдары Жағатай, Оқтай және Толайды ертіп, бүгінгі Майтөбе деп аталатын Ұлытау сілемінің түстігіндегі ең ақырғы биік нүктесінің баурайына келгенде Жошы алдынан әлгіндей сый-сияпатпен қарсы алады. Ұлы қаһан мұны көргенде қатты риза болып, Жошының өз қателігіне кешірім сұрағанын түсінеді. Сол жолы Ұлы қаһан ұлдарымен бірге аң аулап, көңіл көтеріп, Құрылтай құрып, өзінің өсиеттерін айтып кетеді. Құрылтайда бәйбішесі Бөрте хатуннан туған төрт ұлына өзі қаншама күш жұмсап құрған ұланғайыр мемлекетін еншілеп бөліп береді. Міне, Жошы Ұлысы осылай құрылған. Жошының еншісіне шығыста Бұғылытау мен Балқаштан, түстікте Сейхуннан бастап, батыстағы мұңғыл аттарының тұяғы тиген жерлерге дейінгі дала өтеді.




***- Егер Ұлы қаһан мен Жошы өзара ымыраға келіп, татуласқан болса, Шыңғыстың Жошыны өлтіруге бұйрық бергені туралы сөз бекер болғаны ма?***

- Бекер емес, Ұлы қаһанның Жошыны өлтіруге бұйрық бергені рас. Бұл былай болған. Жошыға кең сахараны еншіге берген қаһан осы ордаға бас-көз болуды тапсырып, өзінің тоқалы Құлан хатунды қалдырып кетеді. Сол арқылы Ұлы далада өзінің әмірі жүретінін сездіреді. Мұны Жошы да ұғады. Қазіргі Жезқазған жерінде, ол кездегі аталуы бойынша Ұлық -Бақырлықта қазба байлықтары яғни, алтын, күміс, мыс және т.б. өндірілген. Міне, осыдан түскен қаражатқа ие болу Құлан хатунға міндеттеледі де, Жошы сырт қалады. Жошы құрылтайдан әкесінің мұнысына қатты ашуланып оралады. Сөйтіп, әке мен бала арасында тағы да суықтық орын алады.

1226 жылы Шыңғыс қаһан Таңғұт еліне әскер жіберіп, өзі Қарақорымда, Башқұрт, Бұлғар, Рус, Шеркес елдеріне жорық ұйымдастыру мақсатта Құрылтай шақырмақ болды. Сол Құрылтайға, жорықты басқару үшін Жошы арнайы шақырылады. Бірақ, «сырқаттанып қалдым» деген Жошы барудан бас тартады. Ол айналасындағыларға: - Менің әкем есінен ауысты. Халықты одан әрі қарай қырып-жоя бергісі келеді. Тоқтайтын түрі байқалмайды. Сол үшін де мен оны өлтірмекпін -дейді. Мұны естіген уәзірлер шошып түседі де, шиеленістің әбден ушыққанын түсініп, сарайдағы әңгімені қазіргі Ұлытау ауданының аумағындағы Қаражарда отырған Құлан хатунға жеткізеді. «Жошының аяғына жығылып кешірім сұрасын» деп жүрген Құлан хатун бұған қуанып кетіп, дереу Жағатайға жеткізе қояды. Оған да керегі осы еді. Өйткені, ол да Жошының абыройының, беделінің өзінен асқақ, биік екенін көре алмайтын еді.

Жошының сөзін естіген Шыңғыс қаһан ашуға басып, Жағатай мен Оқтайға әскер жинатып, оны өлтіруге бұйрық береді. «Анау есінен ауысқан Жошыны өлтіріңдер. Бүгіннен бастап ешкімге Жошы деген есім қойылмасын» деген әмір етеді. Бұл туралы Жүзжани 1260 жылы жазған және Рашит ад-Диннің «Жамиғ ат-Тауарих» атты ғылыми еңбегінде де бұл дерек бар.

***- Жошыны құлан теуіп өлтірді дейтініміз жәй ғана аңыз болғаны ғой. Сонда қаһан бұйрығы қалай орындалған?***

- Шыңғыс Жағатай мен Оқтайдың

әскерін Жошыны өлтіру үшін Ұлытауға аттандырады. Жағатай Жетісудан Ортаққа қарай бет алғанда, алдын ала, Жошының ордасындағы кісілердің көзқарасын білу үшін, жасырын елшілер жібереді. Олар мұндағылардың соғысты қаламайтынын, яғни Жошы үшін бастарын бәйгеге байлағысы келмейтіндерін байқайды. Сонда Жағатай:

- Мен Жошымен талай тайталастым. Сондай тайталастың бірінде ағамның «Егер сенен жеңілсем, бір қолымды кесіп беремін» дейтін сөзі болушы еді. Егер Жошыны өлтірсеңдер, маған бір қолын кесіп алып, беріп жіберіңдер -дейді. Сөйтіп, Жошыны соғыста, майдан алаңында емес, сарай ішінде өлтіру туралы ұйғарым жасалады. Жошыны өлтіру «операциясын» Құлан хатун басқарады. Өйткені, Жошының төрт нояны да ел ішінде қантөгіс болмағанын қалап, Құлан хатун жағына шығып кеткен еді.Олар Құланның баскесерлері істі орындау сәтінде кедергі жасамауға уәде етеді.




1227 жылдың ақпан айында бір топ жасақ қазіргі Қызылжар деген жерде орналасқан Жошының сарайына баса көктеп кіреді. Сол уақыттардағы қалыптасқан тәртіп бойынша хан тұқымын найзамен немесе жебемен шаншып, қанын шығарып өлтіруге болмайтын еді.Сондықтан олар Жошы ханды желке тұсынан және үстіңгі жағынан шоқпармен ұрып өлтіреді, бұл сәт антрополог Гинзбургтің тұжырымдамасына сай келеді және бір қолын кесіп алып, Жағатайға жібереді. Жағатай мен Оқтайдың әскері кері қайтып, Жошының өлгені туралы хабарды Қарақорымға жеткізеді.

Ұлы қағанға қара хабарды ордаға жақын уәзір Ұлық Жыршы айтады. Бұл туралы Тизенгаузеннің аудармасымен жарық көрген XV ғасырға жататын «Шаджарат ал-Атрак» деп аталатын дерекнамада жазылған.

Кейін Жошы мазарын қазғанда шыққан сүйектің бір қолы болмаған, бассүйектің желке тұсы ойық болған.

***- Осылайша, Ұлық Ұлыстың алғашқы ханы Жошының өмірі қиылды дейсіз ғой. Сол дәуірден бізге жеткені жалғыз кесене ғана ма?***

- Бір қарағанда солай. Шын мәнінде, қазіргі Жошыхан күмбезі тұрған маңайда үлкен қорым, қазіргі түсінікпен айтқанда, хандық пантеон болған. Бұл жерде Орда Ежен де, Құли хан да, Тума хан да, Құйшы хан да жатуы мүмкін! Өкінішке қарай, өткен ғасырдың 20-30 -жылдардың белсенділері қорымдағы зираттарды тонап, қиратып, соқамен жыртып, жойып жіберген.

Кешеннің айналасындағы «Жошы ордасы» деп аталған археологиялық кешенге міндетті түрде ауқымды археологиялық және реставрациялық жұмыстар жүргізу керек. Өйткені, мұнда 30-ға жуық XIII – XV ғасырларға жататын, кезінде күйдірілген және шикі кірпіштен көтерілген, Жошының ұрпақтары жатқан кесенелердің үйінділері бар. Кеңгір өзенінің бойында 350 метрге созылып жатқан шеберханалар мен кірпіш зауыты және Жошының өз қонысы да осында. Олардың бәрін реттеп туристік маршруттарға енгізу қажет.

***- «Алашахан, Жошыхан, Қырда құлан жосыған» деген аңыз бәрімізге таныс. Жошыхан белгілі, ал, Алашахан кім?***

